



Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Педагогикалық университеттердің Еуразиялық Ассоциациясы

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

2018 жылдың қазан айында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті құрылғанына 90 жыл толуын атап өтеді. Осы маңызды оқиғаға байланысты, Педагогикалық университеттердің Еуразиялық Ассоциациясы атқарушы дирекциясы мерейтойын атап өтіп жатқан университет басшылығының 2018 жылдың 4-5 қазанында «**ҮЗДІКСІЗ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ**» тақырыбындағы Халықаралық форумын өткізу бастамасына қолдау білдіреді.

Форумды өткізудегі мақсат - үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің қазіргі жағдайын талдау және ТМД елдерінде заманауи жағдайларда педагогикалық кадрларды даярлау.

Форумда төмендегідей мәселелер талқыланады:

1. Қазіргі үздіксіз педагогикалық білім берудегі дәстүр мен жаңашылдық.
2. Жоғары педагогикалық білім берудегі қазіргі ұлттық ғылыми мектептер.
3. Қазіргі заманғы педагогтің кәсіби өсу жүйесіндегі үздіксіз педагогикалық білім берудің рөлі
4. Мектеп бағдарламасындағы жаңартылған білім мазмұны бойынша мектеп пен жоғары оқу орындарында пәндерді оқыту әдістемесі.
5. Жаңа цифрлық және ақпараттық технологияларды енгізу жағдайында педагогикалық кадрларды даярлау.

Форум жұмысына қатысу үшін жоғары кәсіби педагогикалық білім беру ұйымдарының басшылары және орынбасарлары, Қазақстан Республикасы мен ТМД елдері жоғары оқу орындарының ғалымдары мен оқытушылары шақырылады.

Форумның жұмыс тілі: қазақ, ағылшын, орыс.

Форум жұмысының материалдар жинағын шығару жоспарлануда.

Форумның материалдар жинағын шығаруға, қатысушыларды тіркеуге, форум бағдарламасына қатысты барлық ақпараттарды төмендегі сайттардан алуға болады:

- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті: www.kaznpu.kz

- Педагогикалық университеттердің Еуразиялық Ассоциациясы: <http://euapu.ru/>

Форумның өтетін жері: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13.

Барлық сұрақтар бойынша форум ұйымдастырушыларына хабарласуларыңызды сұраймыз:

- Никитин Эдуард Михайлович, тел.: +7(499) 245-15-18

e-mail: em.nikitin@mpgu.edu

- Бычкова Людмила Васильевна, тел.: +7(499) 245-15-18

e-mail: lm682005@ya.ru

- Слепова Надежда Викторовна, тел.: +7(499) 246-32-42

e-mail: nv.slepova@mpgu.edu

- Құлсариева Ақтолқын Тұрлыханқызы, тел.: +7(727) 291-77-32

e-mail: aktolkyn777@mail.ru

- Сахиев Саябек Қуанышбекұлы, тел.: +7 (727) 291-65-29

e-mail: ssayabek@yandex.ru

- Баимбетова Гүлзада Айтжанқызы, тел.: +7 (727) 291-10-22

e-mail: nauka_kaznpu@bk.ru

«ҮЗДІКСІЗ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ»

тақырыбындағы Халықаралық форумын материалдар жинағында жариялауға
қойылатын талаптар

Халықаралық форумның материалдар жинағы жарияланады. Қатысу үшін өтініш және баяндама тезистері **2018 жылдың 10 қыркүйегіне** дейін: nauka_kaznpu@bk.ru мекен-жайы бойынша қабылданады.

Баяндама мәтіні А4 форматында 5 беттен аспауы керек, MS WORD мәтіндік редакторында дайындалуы тиісті. Формулалар Microsoft Equation формула редакторында, суреттер *.jpg или *.gif форматында ұсынылуы керек.

Бет параметрлері: барлық өрістер – 2,5 см. Қаріп: Times New Roman, KZ Times New Roman (өлшемі - 12), жоларалық интервал: бірлік. Жоғарғы сол бұрышта ЭОЖ көрсетіледі.

Келесі жолдың ортасына авторлардың аты-жөні бас әріптермен, жартылай қалың қаріппен теріледі. Бір аралықтан кейін жолдың ортасына бас әріптермен жартылай қалың шрифтпен баяндаманың тақырыбы теріліп жазылады. Бір аралықтан кейін жолдың ортасына бас әріптермен автордың жұмыстың орындалған мекеме атауы, қаласы, елі (көлбеу қаріппен, қысқартусыз) теріліп жазылады.

Бір аралықтан кейін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде аңдатпа жазылады (қаріптің өлшемі - 10). Бір аралықтан кейін кілттік сөздер (5-6 сөз), бір аралықтан кейін азат жолдан бастап баяндаманың мәтіні теріліп, жазылады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі қойылған сілтеме бойынша мақаланың соңында ретімен теріліп жазылады. Автор (авторлар) жайлы мәлімет: толығымен аты-жөні, жұмыс орыны (мекеменің атауы, ЖОО-ның атауы толық және қысқартылған түрде), ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, жұмыс орынының телефоны, e-mail жазылады. Баяндама файлдың атауы аты-жөні және қатысушының аты-жөнінің бірінші әріптерімен мазмұндалуы тиіс. Мысалы: ***nurgalievaFT.doc***

Ұйымдастыру комитеті халықаралық форум материалдарына қосу үшін баяндамаларды таңдап алуды өздері шешеді.

Өтініштерді қабылдау, баяндамалар, жарияланымдар сұрақтары бойынша келесі мекен-жайға хабарласуыңызға болады: 050012, ҚР Алматы қаласы, Қазыбек би 30 к., 211 каб., ж.т. 8727 291-10-22.